

**Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі бойынша
Қамқоршылар кеңесі отырысы хаттамасы**

14 қаңтар 2023 ж.

Қатысқандар:

Колледж директоры -Б.Құнас, Қамқоршылар кеңесі мүшелері

Кеңес құрамы мүшелері:

1. Д.Сагинғалиев – Атырау облысы кәсіпкерлер палатасы Индер ауд.фил.директоры , төраға(к/б)
- 2..А.Мурзин – Индер ауданы әкімінің орынбасары,мүшесі (к/б)
- 3.М.Жаңабаева–Жұмыспен қамту орталығының директоры,мүшесі (к/б)
4. С.Ерболатов – «Мол» ЖШС директоры ,мүшесі (к/б)
5. С.Утепқали- «Алты құлаш» ЖШС басшысы ,мүшесі(к/б)
- 6.Г.Кубашева –Индер ауданы Жергілікті Полиция бөлімшесі Ювеналды полиция тобының аға инспекторы,полиция майоры (к/б)
7. Г.Тасыбаева- Ата-аналар комитеті төрағасы,мүшесі (к/б)
- 8.Г.Қуанова - Ата-аналар комитеті мүшесі (к/б)
9. А.Нургуатов - Ата-аналар комитеті мүшесі (к/б)

Күн тәртібі:

1. **Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің атқаратын жұмыстары бойынша өзін –өзі бағалау есебі**

Сөйлегендер:

1 **Б.Құнас** – колледж директоры:

- Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасының кәсіптік білім саласына қатысты заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарын, Атырау облысы әкімдігінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Атырау облыстық Әділет департаментінің Индер ауданының Әділет басқармасының 2013 жылдың 30 сәуіріндегі № 940740000476 номерімен тіркелген колледж Жарғысы мен Атырау облысының білім саласындағы бақылау департаментінің 18.12.2013 жылғы № 13020292 тіркелген лицензияны басшылыққа ала отырып, кәсіптік білім беру процесін ұйымдастырып отыр.Тұрақты жер пайдалану акт бойынша жер учаскесінің алаңы 5,4881 га Колледжде 40 инженер-педагог жұмыс жасайды. Олардың 34-і жоғары білімдері бар. **Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің миссиясы:**Қазіргі заманның еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзіретті, жауапты, өз мамандығын және өз мамандығына жақын салаларды меңгерген, кәсіби өсуге дайын білікті маман даярлау.

Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің экономикалық орнықты даму үшін сапалы білімнің қажеттілігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, кәсіптік білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, педагог мамандығының беделін көтеріп, еңбек нарығының, еліміздің индустриялық- инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім сапасына қол жеткізу бағытында жұмыстар жүргізіліп,қазіргі заманғы білім беру мен кәсіптік даярлау, жаңа технологияларды, идеяларды және көзқарастарды пайдаланып,студенттердің өмір сапасының әлеуметтік және құқықтық қорғау, құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылуда.

- 2..**Д.Сагингалиев** – қамқоршылар кеңесінің төрағасы:
 - Қамқоршылар кеңесі өз жұмысын жалғастырады .Колледжде атқарылып жатырған жұмыстары оң бағытта,колледж директорының колледжде атқарылған жұмыстары бойынша өзін –өзі бағалау есебіне қанағаттанарлық деген баға беремін
- 3.. **А.Мурзин** – Индер ауданы әкімінің орынбасары:
 -Кәсіптік білім беру саласына аса көп көңіл бөлінуде,аудан орталығында орналасқан колледжіміздегі жетістіктер бізді қуантады,білікті мамандар қатары көбейе берсін.Колледж директоры Бағытжан Ниетқалиұлының бүгінгі колледжде атқарылған жұмыстарға өзін-өзі бағалау есебін тыңдадық,қанағаттанарлық деген баға беремін.

- 4 **С.Ерболатов** – «Мол» ЖШС директоры :
 - Колледжбен бірнеше жылдан тығыз байланыста жұмыс жасап келеміз.Әр жаңалықтың куәгері боламыз,колледждің әр жетістігі үшін қуанамыз. колледжде атқаратын жұмыстары бойынша өзін –өзі бағалау есебіне қанағаттанарлық деген баға беремін.

Қалған Қамқоршылар кеңесі мүшелері колледжде атқаратын жұмыстары бойынша өзін –өзі бағалау есебіне қанағаттанарлық деген баға беріп,бір ауыздан қолдады.

Қаулы:

1. **Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің атқаратын жұмыстары бойынша өзін –өзі бағалау есебіне қанағаттанарлық деген баға берілсін.**









Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

Хатшысы:

Д.Сагингалиев

Г.Абенова



-  _____ А.Мурзин
-  _____ М.Жаңабаева
-  _____ С.Ерболатов
-  _____ С.Утепқали
-  _____ Г.Кубашева
-  _____ Г.Тасыбаева
-  _____ Г.Куанова
-  _____ А.Нургуатов